

Кремацияға қатысты көзі тірісінде білдірілген ерікті рәсімдеу туралы ЖАДЫНАМА

Қазақстан Республикасында кремацияға қатысты көзі тірісінде ерік білдіруді ресми түрде екі негізгі тәсілмен рәсімдеуге болады: электрондық үкіметтің eGov.kz порталы арқылы онлайн режимде (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін тегін) немесе нотариаттық куәландыру арқылы.

1-нұсқа. eGov.kz арқылы онлайн рәсімдеу (Ең жылдам әрі тегін тәсіл). Қазақстан Республикасының азаматтары үшін eGov.kz порталында «Кремацияға қатысты көзі тірісінде ерік білдіруді тіркеу» арнайы мемлекеттік көрсетілетін қызметі қолжетімді (қызмет коды — P718).

Қызметті алу тәртібі: eGov.kz порталына ЭЦҚ, QR-код немесе SMS-пароль арқылы авторизациядан өтіңіз.

1. «Қызметтер» → «Денсаулық сақтау» → «Медициналық көмек» бөлімдеріне өтіңіз.
2. «Кремацияға қатысты көзі тірісінде ерік білдіруді тіркеу» қызметін таңдаңыз (Қажетті қызметті іздеу жолағына «кремация» сөзін енгізу арқылы да табуға болады).
3. «Онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасын басыңыз.
4. Өтініш нысанындағы міндетті жолдарды толтырыңыз (Жеке деректеріңіз жүйе арқылы автоматты түрде енгізіледі).
5. Өтінішке ЭЦҚ немесе SMS-пароль арқылы қол қойыңыз (SMS-пароль арқылы қол қою үшін Мобильді азаматтар базасында тіркелу қажет).
6. Қызмет көрсету нәтижесін тексеріңіз. «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көзі тірісінде білдірген ерік-жігеріңіздің мемлекеттік жүйеде тіркелгенін растайтын ресми хабарлама пайда болады.

Ескерту: Егер порталмен жұмыс істеу кезінде қиындықтар туындаса немесе ЭЦҚ болмаса, жеке куәлігіңізбен жақын орналасқан Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) жүгінуге болады. ХҚКО қызметкерлері аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметті рәсімдеуге көмектеседі.

2-нұсқа. Нотариус арқылы рәсімдеу

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасында тұратын шетел азаматтарына (eGov.kz порталына қолжетімділігі жоқ тұлғаларға), сондай-ақ құжаттарды қағаз түрінде рәсімдеуді қалайтын азаматтарға қолайлы. Бұл үшін нотариусқа жүгіну қажет. Жазбаша ерік білдіру (немесе өкім/өсиет) рәсімделеді. Нотариус құжаттағы қолтаңбаны куәландырады. Бұл қызмет нотариустың қолданыстағы тарифтеріне сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

Кремация рәсімін жүргізу туралы жадынама

Кремация жүргізу үшін қандай құжаттар қажет?

1. Кремацияға қатысты ресми түрде тіркелген көзі тірісіндегі ерік білдіру құжаты.
2. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік (түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі).
3. Халыққа қызмет көрсету орталығы немесе АХАТ органы берген қайтыс болғаны туралы куәлік.
4. Туыстық қатынасты растайтын құжаттар және кремация рәсімін ұйымдастыруға жауапты жақын туысының жеке басын куәландыратын құжаты.

Кремация рәсімін ритуалдық агенттік немесе үшінші тұлға арқылы ұйымдастырған жағдайда, жақын туыстарының немесе қайтыс болған адамның өзі сенім білдірген тұлғаға берген нотариаттық куәландырылған сенімхаты қажет. Сенімхатта кремацияны ұйымдастыру және тиісті құжаттарды рәсімдеу, мәйіт күлін және оған қатысты құжаттарды алу жөніндегі өкілеттіктер көрсетілуі тиіс.

Кімді кремациялауға болады?

- Зорлықсыз өлім салдарынан қайтыс болған адамдарды.

Кімді кремациялауға болмайды?

- Өлімнің түрі анықталмаған адамдарды (Аурулардың халықаралық жіктелуінің 10-шы қайта қаралуына сәйкес R кодтары).
- Зорлық-зомбылық салдарынан қайтыс болған адамдарды (Аурулардың халықаралық жіктелуінің 10-шы қайта қаралуына сәйкес S немесе T кодтары).

Ескерту: Егер өлім зорлық-зомбылық салдарынан болған немесе жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған болса, тергеу органдарының рұқсаты міндетті түрде талап етіледі. Мұндай рұқсатсыз кремация жүргізуге тыйым салынады, себебі кремация рәсімі кейіннен қайтыс болған адамның денесіне қайтадан сот-медициналық сараптама жүргізу мүмкіндігін жояды.

Кремация рәсімінің құны: Кремация рәсімінің тікелей құны - 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге. Көрсетілген сомаға ритуалдық керек-жарақтар мен өзге де қызметтердің құны кірмейді.

Анықтама үшін байланыс телефондары

Тіркеу бөлімі: +7 (727) 341-02-50

Әкімшілік қабылдау бөлмесі: +7 (727) 344-27-53